

2012 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 678 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Алексей Юрьевич Волковқа 2012 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2

ш і л д е д е г і

№

6 7 8

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

2012 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімге толықтыру енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі «қазақстандық Тарап» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бұдан әрі «британдық Тарап» деп аталатын Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі, бірлесе «Тараптар» деп аталатындар,

2012 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Үкіметі арасындағы Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 12-бабының 2-тармағына сәйкес, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге Қосымша мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:
«3. Кіру нүктесі GASBI A357 бағыты АКТ G96 бағыты ABDUN A356 бағыты KZO G13 бағыты ARBOL B142 бағыты NT A355 бағыты шығу нүктесі RODAM».

2-бап

Осы Хаттама ережелерін қолдануға және түсіндіруге байланысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

3-бап

1. Осы Хаттама Келісімнің 12-бабының 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3. Осы Хаттама Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін күшінде қалады.

2013 жылғы «___» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан	Республикасының	Ұлыбритания	және	Солтүстік
Үкіметі үшін		Ирландия	Құрама	Корольдігінің
		Үкіметі үшін		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК